

Сайлауды халықаралық байқау қағидаттарының декларациясы

2005 жылғы 27 қазан

Шынайы демократиялық сайлау – бұл ел халқына тиесілі, еркін ерік білдіру үкіметтің өкілеттіктері мен жариялылығының негізінде жатқан егемен құқықтардың көрінісі. Азаматтардың мерзімді шынайы демократиялық сайлау барысында сайлауға және сайлануға құқықтары елдегі саяси билік үшін күресті бейбіт шешу мақсатын көздейді және сондықтан бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауда басты роль атқарады. Үкімет шынайы демократиялық сайлаудың барысында заңды жолмен сайланатын елдерде оның билігіне бейдемократиялық қол сұғушылық жасау мүмкіндіктері шектелген.

Шынайы демократиялық сайлау демократиялық басқарудың қажетті шарттарының бірі болып табылады, өйткені олар заңнамада белгіленген рәсімнің негізінде ел халқы өз атынан және өз мүдделерінде билік өкілеттіктерін жүзеге асыруға кімнің заңды құқығы бар екені туралы мәселе бойынша еркін ерік білдіруге жәрдемдесетін тетікті білдіреді. Шынайы демократиялық сайлауды қамтамасыз ету неғұрлым ауқымды процестерді орнықтыру және демократиялық басқару мекемелерін құру жөніндегі күш-жігер бөлігі болып табылады. Сондықтан барлық сайлау процестерінде шынайы демократиялық сайлаудың әмбебап қағидаттары көрініс табуға тиіс, ешбір сайлауды болып жатқан саяси және мәдени-тарихи жағдайлардан бөлек қарастыруға болмайды.

Шынайы демократиялық сайлау адамның нәсіл белгісі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси және басқа да көзқарастары, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, мүліктік жай-күйі, тектік жағдайы немесе әлеуметтік мәртебесі, оның ішінде өзгелермен қоса мүгедектер мәртебесі бойынша кемсітушіліксіз, сондай-ақ ерікті және негізсіз шектеулерді болдырмау арқылы басқа да құқықтары мен негізгі бостандықтарының ауқымды шеңберін тұрақты түрде іске асырусыз қамтамасыз етіле алмайды. Осы құқықтар адамның басқа да құқықтары сияқты және неғұрлым кең мағынада алғанда демократия заңнамалық кепілдіктерсіз қамтамасыз етіле алмайды. Осы негіз қалаушы ережелер адам құқықтары жөніндегі шарттар мен басқа да халықаралық келісімдерде, сондай-ақ көптеген үкіметаралық ұйымдардың құжаттарында танылған. Осылайша, шынайы демократиялық сайлау халықаралық ұйымдар үшін, сондай-ақ ұлттық мекемелер, саяси күреске қатысушылар, азаматтар мен олардың қоғамдық ұйымдары үшін алаңдаушылық мәні болып табылады.

Сайлауды халықаралық байқау халықаралық қоғамдастықтың адам құқықтарын қорғау мен құқық үстемдігін қоса демократияны дамыту компоненті ретінде демократиялық сайлауды қамтамасыз етуге қызығушылық танытуын білдіреді. Азаматтық және саяси құқықтарға басымдық жасай отырып, сайлауды халықаралық байқау адам құқықтарының сақталуын халықаралық байқаудың бір бөлігі болып табылады және ұлттық саяси күреске қатысушыларға қатысты жоғары бейтараптық стандарттарын қолдау арқылы жүзеге асырылуға тиіс және оны жүргізу кезінде бейтараптыққа қарама-қайшы келуі мүмкін екіұдай немесе көп жоспарлы пікірлер есепке алынбауға тиіс. Ол сайлау процестерін шынайы демократиялық сайлау өткізудің халықаралық қағидаттарына және ұлттық заңнамаға сәйкес бағалауды қамтамасыз етеді және сонымен бір уақытта түпкілікті нәтижесінде сайлау процесінің жариялылығы мен оның нәтижелеріне сенім туралы мәселені ел халқынан басқа ешкім шешпейтінін мойындаудан туындайды.

Сайлауды халықаралық байқау өз әлеуетінде бұрмалаушылық жағдайларына жол бермеу және оларды жария етпеу арқылы, сондай-ақ сайлау процесін жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу арқылы сайлау процестерінің беделін арттыра алады. Ол қажет болған кезде жұртшылықтың сенімін арттыруға, сайлаушылардың неғұрлым белсенді қатысуына және сайлауға байланысты тартыстарды туындатушы әлеуетті факторларды әлсіретуге жәрдемдесе алады. Ол сондай-ақ демократияның дамуы туралы тәжірибе және ақпарат алмасу арқылы халықаралық деңгейде хабардарлықты арттыру мақсатын көздейді.

Сайлауды халықаралық байқау бүкіл дүние жүзінде кеңінен танымал болды және сайлау процестерінің сипатына нақты және бейтарап баға беруді қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады. Сайлауды мұқият және бейтарап түрде халықаралық байқау сенімді әдіснамалар мен ұлттық билік органдарымен, ұлттық саяси күреске қатысушылармен (саяси партиялармен, кандидаттармен және референдумға шығарылған мәселелер бойынша позиция жақтаушыларымен), сайлауды байқау жөніндегі ұлттық ұйымдармен және басқа да сайлауды байқау жөніндегі сенімді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының болуын қажет етеді.

Осыған байланысты осы Декларация мен оған қоса беріліп отырған Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексінің мақұлдаушы үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар бірлесе отырып, мынаны мәлімдейді:

1. Шынайы демократиялық сайлау – бұл ел халқына тиесілі, еркін ерік білдіру үкіметтің өкілеттіктері мен жариялылығының негізінде жатқан егемен құқықтардың көрінісі. Азаматтардың мерзімді шынайы демократиялық сайлаулардың барысында сайлау және сайлану құқығы – бұл халықаралық танымал адам құқықтары. Шынайы демократиялық сайлау бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауда басты роль атқарады және демократиялық басқару үшін мандат береді.
2. Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясына, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және басқа да халықаралық келісімдерге сәйкес әр адам адам құқықтарының халықаралық қағидаттарына сәйкес тыйым салынған қандай да бір кемсітушілікті болдырмастан және қандай да бір негізсіз шектеулерсіз өз елінің мемлекеттік және қоғамдық істерін жүргізуге қатысуға құқылы және осы мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Осы құқық тікелей – референдумдарға қатысу, сайланбалы лауазымдарға дауысқа түсу және басқа да жолдармен – еркін таңдалған өкілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
3. Ел халқының еркі үкімет өкілеттіктерінің негізінде жатыр және осы ерік дауыс беру нәтижелерін дәл санауды, жариялауды және құрметтеуді қамтамасыз етумен бірге жасырын дауыс беру рәсімдерін немесе осындай еркін дауыс беру рәсімдерін пайдалана отырып, жалпыға бірдей және тең құқылы ерік білдіру арқылы еркін дауыс беру және әділетті негізде сайлану құқығы мен мүмкіндігіне кепілдік беретін мерзімді шынайы демократиялық сайлаудың негізінде айқындалуға тиіс. Осыған сәйкес шынайы демократиялық сайлауды қамтамасыз ету бірқатар құқықтар мен бостандықтарды, процестерді, заңдар мен институттарды іске қосуды жорамалдайды.
4. Сайлауды халықаралық байқау сайлау өткізуге қатысты заңдар, процестер мен институттар туралы және сайлауды өткізудің жалпы жай-күйіне қатысты басқа да факторлар туралы жүйелі, жан-жақты және мұқият ақпарат жинауды; осындай ақпаратты объективті және білікті талдауды; ақпараттың дәлдігіне және талдаудың объективтілігіне қатысты ең жоғары стандарттардың негізінде сайлау процесінің сипатына қатысты пікір білдіруді көздейді. Сайлауды халықаралық байқаудың

шеңберінде, мүмкін болса, сайлау процесінің және оған ілеспе процестердің беделі мен тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар жасау қажет, бұл ретте осындай процестерге араласуға жол берілмейді және оларды жүзеге асыруға кедергі келтіруге болмайды. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар сайлауды халықаралық байқауды жүзеге асыру мақсатында үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар мен қауымдастықтардың ұйымдасқан күш-жігері болып табылады.

5. Сайлауды халықаралық байқау әр түрлі әдістерді пайдалану арқылы жан-жақты ұзақ мерзімді байқаудың негізінде сайлауды өткізуге дейінгі кезеңдегі, ол өткізілген күнгі және ол аяқталғаннан кейінгі кезеңдегі сайлауды бағалауды қамтамасыз етеді. Осы күш-жігердің шеңберінде байқау жөніндегі мамандандырылған миссиялар сайлау өткізуге дейінгі және өткізгеннен кейінгі кезеңдерге қатысты мәселелер мен нақты процестердің (сайлау округтерінің шекараларын айқындау, сайлаушыларды тіркеу, электрондық технологияларды пайдалану және сайлау өткізуге байланысты шағымдарды беру мен қарау тетіктерінің жұмыс жасауы сияқты) шекті шеңберін зерделей алады. Сондай-ақ осындай миссиялар олардың қызметі мен оның тұжырымдары туралы шешімдері өз ауқымының аясы бойынша шектелгені туралы нақты тұжырымдалған жария мәлімдемелер жасаған кезде және олар осындай шектеулі қызмет негізінде жалпы сайлау процесі туралы тұжырым жасамаған жағдайда, оқшауланған, сайлауды байқау жөніндегі мамандандырылған миссиялар іске тартылуы мүмкін. Байқау жөніндегі миссиялардың барлығы сайлау күнін оны өткізу контексінде қарап, сайлау өткізу күні жасалған тұжырымдардың мәнін дабырайтпау тұрғысында келісілген күш-жігер қабылдауға тиіс. Сайлауды халықаралық байқау шеңберінде саяси және өзге көзқарастардың, гендерлік және нәсілдік тиесіліліктің, тері түсінің, этностық тегінің, тілінің, дінінің, ұлттық немесе әлеуметтік тегінің, мүліктік жай-күйінің, тектік жағдайының немесе кемтар адамдар мәртебесі сияқты басқа да әлеуметтік мәртебесінің негізінде сайлау процесіне қатысуы үшін кемсітушілік немесе басқа да кедергілерді қоса алғанда, сайлауға және сайлануға құқығын жүзеге асырумен байланысты жағдайлар зерделенеді. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялардың тұжырымдары саяси күреске қатысушыларды қоса алғанда, сайлауға қызығушылық танытқан барлық адамдар үшін ортақ басты нүкте болып табылады. Бұл сайлау нәтижелерін даулау кезінде аса маңызды мәнге ие болуы мүмкін, осылайша объективті және шын тұжырымдар тартысты туындататын әлеуетті факторларды әлсіретуі мүмкін.
6. Сайлауды халықаралық байқау сайлау өтетін ел халқының мүддесінде және халықаралық қоғамдастықтың мүддесінде жүзеге асырылады. Байқау процесінің өзіне бағдарланған және дауыс берудің қандай да бір нақты нәтижелеріне қатысы жоқ, ол сайлау нәтижелеріне олардың ашықтық жағдайларында және белгіленген мерзімдерде адал және нақты жариялануына байланысты шамада қатысты. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның құрамына байқауды жүргізу және/немесе сайлау процесінің сипаты туралы тұжырымдар шығару кезінде дәлдік пен объективтілікті сақтауға кедергі келтіретін саяси, экономикалық немесе басқа да мүдделерді көздеген қандай да бір адамды енгізуге болмайды. Бұл талаптарды ұзақ мерзімді байқауды жүзеге асыратын байқаушылар ұзақ уақыт кезеңі бойы, ал оны өткізетін күні неғұрлым қысқа сайлау уақыты кезеңі бойы тиімді түрде сақтауға тиіс, бұл ретте осы кезеңдердің әрқайсысы байқаушылар алдына тәуелсіз және объективті талдау жүргізу жөнінде нақты міндеттер қояды. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар өздері байқау жүргізудегі сайлау өткізіліп жатқан үкіметтік органдардың тарапынан қаржылық немесе материалдық көмек қабылдамауға тиіс, өйткені бұл елеулі түрде мүдделер тартысын туындатып, миссия тұжырымдарының объективтілігіне деген сенімді жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық

миссиялар тиісті және негізді сұрау салу келіп түскен жағдайда, оларды қаржыландыру көздері туралы ақпаратты ашып көрсетуге дайын болуға тиіс.

7. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар сайлау процестерін жетілдіру үшін пайдалы деп есептейтін өз тұжырымдарын, шешімдері мен кез келген тиісті ұсынымдарын бере отырып (сонымен бірге олардың көшірмелерін сайлау органдары мен басқа да тиісті ұлттық мекемелерге бере отырып), жұртшылыққа арнап уақтылы, шынайы және бейтарап мәлімдемелер жасауға тиіс. Миссиялар өздерінің осы елде екені туралы, сонымен бірге өз мандаты, құрамы мен өкілеттік мерзімдері туралы жария етуге, тиісті жағдайларда мерзімді баяндамалар жасап, сайлау қорытындылары жөніндегі тұжырымдары туралы алдын ала мәлімдемесі мен сайлау процесі аяқталғаннан кейін кезекті баяндамасын жария етуге тиіс. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар миссияның тұжырымдарын, қорытындылары мен ұсынымдарын талқылау мақсатында елде шынайы демократиялық сайлауды ұйымдастыруға мүдделілермен жеке кездесулер өткізуі мүмкін. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар сондай-ақ өздерінің тиісті үкіметаралық немесе халықаралық үкіметтік емес ұйымдарына баяндамаларын ұсынуы мүмкін.
8. Осы Декларацияны және оған қоса берілген Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлқы кодексін мақұлдаушы ұйымдар сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялардың шеңберінде бір-бірімен ынтымақтасуға міндетті. Сайлауды халықаралық байқау, мысалы, жекелеген халықаралық байқаушы қатысатын миссиялардың, сайлауды байқау жөніндегі арнайы бірлескен халықаралық миссиялардың немесе сайлауды байқау жөніндегі үйлестірілген халықаралық миссиялардың негізінде жүргізілуі мүмкін. Кез келген жағдайда Декларация мен Мінез-құлық кодексін мақұлдайтын ұйымдар өздерінің сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияларының барынша тиімді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында бірлесіп жұмыс жасауға міндеттенеді.
9. Сайлауды халықаралық байқау ол өткізілетін елдің егемендігін құрметтей отырып және ел халқының адам құқықтарын құрметтей отырып жүргізілуге тиіс. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар қабылдаушы елдің заңдарын құрметтеуге, сондай-ақ сайлау органдарымен бірге ұлттық билік органдарына құрметпен қарауға және өз қызметін адам құқықтары мен оның негізгі бостандықтарын құрметтеумен және көтермелеумен жанастыра отырып, жүзеге асыруға тиіс.
10. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар қабылдаушы елдің сайлау органдарымен ынтымақтастыққа белсене ұмтылу және сайлау процесін жүзеге асыру жолында кедергі болмауға тиіс.
11. Қандай да бір ұйымның сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияны жүргізуді ұйымдастыру немесе байқау жөніндегі миссияны ұйымдастыру мүмкіндігін зерделеу туралы шешімі міндетті түрде осы ұйымның сайлау процесін ол өткізілетін елде сенім ұялатушы ретінде қарастыратынын білдірмейді. Бірде-бір ұйым сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияны оның қатысуы сайлаудың көрінеу бейдемократиялық процесін легитимизациялау ретінде қарастырылуы ықтимал жағдайлардағы елге жіберуге тиіс емес және осындай жайттар орын алған кез келген жағдайларда сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар олардың осы елде болуы легитимизациялауды білдірмейтіні туралы жария мәлімдемелер жасауы тиіс.
12. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссия өз жұмысын тиімді және адал жүргізуі үшін кейбір негізгі талаптар сақталуы тиіс. Осыған сәйкес сайлауды байқау

жөніндегі халықаралық миссия сайлау өткізілетін ел мынадай шараларды қабылдаған жағдайда ғана ұйымдастырыла алады:

- a) шынайы демократиялық сайлауды ұйымдастыру үшін маңызы зор барлық процестерге талдау жүргізу үшін уақыт жеткілікті болу үшін сайлау өткізердің алдын ала әрбір қатысушы ұйымның талаптарына сәйкес сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияны шақырады немесе өзінің оны қабылдауға дайын екенін білдіреді;
- b) сайлауды байқау жөніндегі миссиядан техникалық құралдар мен сайлау рәсімдеріне қатысты құпиялылықты сақтау немесе олар туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуды талап етпестен, сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның сайлау процесінің барлық кезеңдерін және сайлау өткізудің барлық техникалық құралдарын, оның ішінде электрондық технологиялар мен электрондық дауыс беру нәтижелерін растайтын рәсімдерді және басқа да технологияларды зерделеуге кедергісіз қол жеткізуіне кепілдік береді және сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар техникалық құралдарды қолайлы деп қуәландырудан бас тартуы мүмкін екенін мойындайды;
- c) сайлау процесіне қатысушылардың барлығының, атап айтқанда:
 - I* барлық деңгейдегі сайлау органдары лауазымды адамдарының – негізді өтініш беру жөнінде;
 - II* қызметі шынайы демократиялық сайлауды ұйымдастыруға қатысты заң билігі органдарының мүшелерінің, үкімет қызметкерлері мен қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің;
 - III* сайлау күресіне қатысуға ниет білдірген немесе сайлауға қатысудан бас тартқан барлық саяси партиялардың, барлық ұйымдар мен адамдардың (сайлауға қатысуға рұқсат берілген, сайлауға қатысуға рұқсат берілмеген кандидаттарды қоса алғанда);
 - IV* бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің;
 - V* елдегі шынайы демократиялық сайлауды қамтамасыз етуге мүдделі барлық ұйымдар мен барлық адамдардың кедергісіз қол жеткізуіне кепілдік береді.
- d) сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның барлық мүшелері үшін ел ішінде жүріп-тұру бостандығына кепілдік береді;
- e) сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның сайлауға байланысты процестер мен оқиғалар жөніндегі өз тұжырымдары мен ұсынымдарына қатысты еркін, сырттан араласусыз жария мәлімдемелер мен баяндамалар жасауына кепілдік береді;
- f) бірде-бір үкімет органы, қауіпсіздік органы немесе сайлау органы сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның жекелеген байқаушыларын немесе басқа да мүшелерін іріктеуге араласпайтынына және олардың сандық құрамын шектеуге тырыспайтынына кепілдік береді;

g миссия тіркеудің нақты белгіленген, негізді және кемсітушіліксіз талаптарын сақтаған жағдайда, сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның байқаушылары немесе басқа да қатысушылары ретінде жұмыс жасау үшін іріктелген басқа да адамдар үшін елдің барлық аумағында толыққанды тіркеуге (яғни сайлауды байқауды жүргізу үшін кез келген жеке куәлікті немесе құжатты беруге) кепілдік береді;

h бірде-бір үкімет органы, қауіпсіздік органы немесе сайлау органы сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның қызметіне араласпайтынына кепілдік береді;

i бірде-бір үкімет органының қысым көрсетпейтініне, сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияға жұмыс жасайтын, өз елінің қандай да бір азаматтарына немесе шетелдік азаматтарға қатысты қандай да бір жазалау шараларын қолданумен қорқытпайтынына немесе қолданбайтынына, оған сайлауды байқау жөніндегі халықаралық қағидаттарға сәйкес көмек көрсететініне және ақпарат беретініне кепілдік береді.

Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияны ұйымдастырудың қажетті шарты ретінде үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар осы кепілдіктердің Өзара түсіністік туралы меморандум немесе осындай үкіметтік және/немесе сайлау органдарымен келісілген құжат нысанында баяндалуын талап етуі мүмкін. Сайлауды байқау – азаматтық сипаттағы қызмет және ол жоғары тәуекел дәрежесімен байланысты, байқаушылардың кеңінен таралу қауіпсіздігін шектейтін немесе өзгеше түрде сайлауды байқаудың сенімді әдістерін қолдануға жол бермейтін жағдайларда, пайдасы күмән келтіреді.

13. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар олардың қатысуын саяси күреске негізгі қатысушылардың барлығының мақұлдауына ұмтылуға тиіс және осы мақұлдауды талап ете алады.

14. Саяси күреске қатысушылар (партиялар, кандидаттар және референдумға шығарылған мәселелер бойынша позиция жақтаушылары) сайлау процесінде өздерінің сайлану және тікелей үкіметтің жұмысына қатысу құқығын жүзеге асыру негізінде өздерінің заңды мүдделеріне сүйенеді. Осыған сәйкес олар сайлаумен байланысты барлық процестерді бақылауға және рәсімдердің сақталуын, оның ішінде сайлау учаскелерінде, дауыс беру нәтижелерін санау орталықтарында және басқа да сайлау өткізу объектілерінде электрондық және басқа да техникалық құралдардың жұмысын, сондай-ақ сайлау бюллетеньдері мен басқа да маңызды құжаттардың тасымалдануын байқауға рұқсаты болуға тиіс.

15. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар:

a саяси партия өкілдері мен кандидаттарды қоса алғанда, сайлау процесінің сапалылығына қатысты ақпаратты білуі мүмкін барлық саяси күреске қатысушылармен сайлау процесінің шеңберінде байланыс орнатуға;

b олардың осы процестің сипатына қатысты ақпарат беруін көтермелеуге;

c осындай ақпаратқа тәуелсіз және объективті баға беруге;

- d сайлауды байқау жөніндегі халықаралық байқаудың маңызды қыры ретінде саяси күреске қатысушыларға кемсітушіліксіз негізде сайлау процесінің барлық элементтерінің тұтастығын оның барлық кезеңдерінде тексеруге рұқсат етіле ме, соны бағалауға тиіс. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар өздерінің жазбаша нысанда шығарылуы мүмкін не сайлау процесінің әр түрлі кезеңдерінде айтылуы мүмкін ұсынымдарында сайлау процесінің тұтастығына кепілдік беру үшін саяси күреске қатысушылардың қызметін кез келген заңсыз шектеулерді жоюды немесе оған араласуды болдырмауды жақтап шығуға тиіс.
16. Азаматтар халықаралық танымал қауымдастық бостандығына және өз елдерінің мемлекеттік және қоғамдық істерін жүргізуге қатысуға құқығы бар. Осы құқықтар сайлаумен байланысты барлық процестерді бақылау және сайлау учаскелеріндегі, дауыс беру нәтижелерін санау орталықтары мен басқа да сайлау өткізу объектілеріндегі электрондық және басқа да техникалық құралдардың жұмысын, сондай-ақ сайлау бюллетеньдері мен басқа да маңызды құжаттарды тасымалдауды қоса алғанда, барлық рәсімдердің сақталуын байқау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдар қызметінің негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар сайлауды бақылау мен байқау жөніндегі тәуелсіз ұлттық ұйымдардың өз қызметін кемсітушіліксіз негізде заңсыз шектеулерсіз немесе сырттан араласусыз жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы туралы мәселе бойынша бағалау жүргізуге және баяндама жасауға тиіс. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар азаматтардың ұлттық деңгейдегі сайлауды қандай да бір негізсіз шектеулерсіз немесе сырттан араласусыз бейтарап байқауды жүзеге асыруға құқығын қорғауға және өз ұсынымдарында кез келген осындай шектеулер мен араласуды жою мәселесін көтеруге тиіс.
17. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар сайлауды бейтарап бақылау жөніндегі сенімді ұлттық ұйымдарды анықтауға, олармен тұрақты негізде байланыс орнатуға және олармен қажеттігіне қарай ынтымақтастық жасауға тиіс. Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар осы ұйымдардың сайлау процесінің сипатына қатысты ақпаратты ұсынуын көтермелеуге тиіс. Осы ұйымдар ұсынатын ақпаратты тәуелсіз бағалаудан кейін олардың тұжырымдары сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялардың тұжырымдарына маңызды толықтыру болуы мүмкін, дегенмен бұл ретте сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар өз тәуелсіздігін сақтауға тиіс. Осыған сәйкес сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссиялар қандай да бір мәлімдеме жариялағанға дейін осы ұйымдармен консультациялар жүргізу үшін мүмкіндігінше барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.
18. Осы Декларацияны мақұлдаушы үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар шынайы демократиялық сайлау өткізумен байланысты нормаларды, қағидаттарды және міндеттемелерді белгілеуде қол жеткізілген елеулі процесті мойындайды және өзіне осындай қағидаттар туралы мәлімдемені байқауды жүргізу, сайлау процесінің сипатына қатысты шешімдер шығару және қорытынды жасау кезінде пайдалану міндеттемесін алады, сондай-ақ өздері қолданатын байқау қағидаттары мен әдістеріне байланысты ақпарат ашықтығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
19. Осы Декларацияны мақұлдаушы үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар сайлау процесін байқаудың сенімді әдістерінің көптігін мойындай отырып, өздеріне тәсілдерге қатысты ақпарат алмасу және, қажет болса, әр түрлі әдістерді келісу міндеттемесін алады. Олар сондай-ақ сайлауды байқау жөніндегі

халықаралық миссиялардың мөлшері бойынша елдегі сайлау процесінің сипатын тәуелсіз және бейтарап негізде айқындай алатындай жеткілікті дәрежеде ауқымды болуын мойындайды және олар, егер тек байқау және тиісті ескертулерді беру жөніндегі қызметі сайлау процесінің небары бір элементіне немесе элементтердің шектеулі санына шоғырланбаса, сайлау алдындағы кезеңде, сайлау күні және сайлаудан кейінгі кезеңде сайлау процесінің барлық маңызды элементтеріне тән белгілерді анықтай алуы үшін жеткілікті ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін. Олар сондай-ақ сайлау күні байқауды оқшауланып жүргізуге жол бермеуге және оның мәнін дабырайтпау қажет екенін және осындай байқау жалпы сайлау процесінің контексінде жүргізілуге тиіс екенін мойындайды.

20. Осы Декларацияны мақұлдаушы үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияларға жеткілікті дәрежеде әр түрлі саяси және кәсіби машықтары бар, дақсыз беделге ие және процестерді байқауға және оларды бағалауға қатысты өз адалдығын ісімен дәлелдеген адамдарды олардың сайлау процестеріндегі және жалпыға танымал сайлау өткізу қағидаттарындағы; адам құқықтары саласындағы халықаралық нормалардағы; салыстырма сайлау құқығы мен әкімшілік рәсімдердегі (сайлау өткізу үшін компьютерлер мен басқа да техникалық құралдарды пайдалана білуін қоса алғанда); елдегі саяси процестерді салыстырма талдау мен нақты жағдайлардағы құзыретін ескере отырып, енгізу қажет екенін мойындайды. Осы Декларацияны мақұлдаушы ұйымдар сондай-ақ сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияларға қатысушылар мен басшы қызметкерлердің теңгерілген гендерлік құрамының, сондай-ақ осындай миссиялардың құрамына әр түрлі едердің азаматтарын енгізудің зор маңызын мойындайды.
21. Осы Декларацияны мақұлдаушы үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар:
 - a өздерінің сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияларының барлық қатысушыларын ақпараттың шындығы және бағалау мен қорытынды шығару кезінде саяси бейтараптық қағидаттары туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге;
 - b жүргізу аясы туралы құжатты немесе миссияның мақсатын түсіндіретін басқа да осындай құжатты беруге;
 - c тиісті ұлттық заңдар мен қаулыларға, жалпы саяси жағдайға қатысты және басқа да мәселелер жөніндегі ақпаратты беруге;
 - d сайлауды байқау жөніндегі миссияға қатысушылардың барлығына олар қолдануға тиіс әдістерді үйретуге;
 - e сайлауды байқау жөніндегі миссияға қатысушылардың барлығынан ұйымның талаптарын ескеру мақсатында осы Декларацияға қоса беріліп отырған, өзгерістер енгізілуі мүмкін, оның мәнін қозғамайтын Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексін оқуын және өзіне оны сақтау міндеттемесін алуға немесе өзіне ұйымның мәні бойынша қоса беріліп отырған Мінез-құлық кодексiнен айырмашылығы жоқ бұрынғы Мінез-құлық кодексін сақтау міндеттемесін алуын талап етуге міндеттенеді.

22. Осы Декларацияны мақұлдаушы үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар Декларация мен оған қоса беріліп отырған Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексінің қағидаларын сақтау мақсатында барлық күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді. Декларацияны мақұлдаушы ұйым Декларация мен оған қоса беріліп отырған Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексінің қағидаларынан ауытқу қажет деп есептеген әрбір жағдайда, сайлауды байқауды Декларацияның рухында өткізу мақсатында ұйым өзінің жария мәлімдемелерінде оның неліктен қажет болғандығы туралы түсіндірме беретін болады және ол Декларацияны мақұлдаушы басқа ұйымдардың тарапынан қойылатын тиісті сұрақтарға жауап беруге дайын болуға тиіс.
23. Осы Декларацияны мақұлдаушы үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар үкіметтердің басқа елдерге сайлауды байқау жөніндегі делегацияларын жібере алатынын және басқа да ұйымдардың сонда-ақ сайлауды байқай алатынын мойындайды. Декларацияны мақұлдаушы ұйымдар оның қағидаларымен уақытша негізде келісетін және оған қоса беріліп отырған Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексін сақтайтын кез келген осындай байқаушылардың қатысуын қолдайды.
24. Осы Декларация мен оған қоса беріліп отырған Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексі олардың ұйымдарын мақұлдайтын ұйымдардың (ассамблеялар, жетекші кеңестер немесе директорлар кеңесі сияқты) саяси органдардың шешімдері қажет етілмейтін, бірақ сонымен бір уақытта осындай шешімдер қуатталатын техникалық құжаттар ролінде болудан туындаған. Осы Декларация мен оған қоса беріліп отырған Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексі оларды басқа үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың мақұлдауы үшін ашық. Оларды мақұлдау Біріккен Ұлттар Ұйымының сайлауды өткізуде көмек көрсету жөніндегі Бөлімінде тіркелуге тиіс.

Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексі

Сайлауды халықаралық байқау бүкіл дүние жүзінде кеңінен танымал. Оны үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар мен қауымдастықтар сайлау процесінің сипатын ол өткізілетін ел халқының мүддесінде және халықаралық қоғамдастықтың игілігіне объективті және дәл бағалауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізеді. Осыған сәйкес көп нәрсе сайлауды халықаралық байқаудың беделін қамтамасыз етуге тәуелді, сондықтан ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді өкілеттіктері бар байқаушыларды, бағалау жөніндегі делегациялардың мүшелерін, байқау жөніндегі мамандандырылған топтар мен миссиялардың басшыларын қоса алғанда, сайлауды байқау жөніндегі осы халықаралық миссияға қатысушылардың барлығы осы Мінез-құлық кодексіне қол қоюға және оның ережелерін сақтауға тиіс.

Адам құқықтары саласындағы егемен құқықтар мен халықаралық нормаларды құрметтеу

Сайлау – бұл ел халқына тиесілі, еркін ерік білдіру үкіметтің өкілеттіктері мен жариялылығының негізінде жатқан егемен құқықтардың көрінісі. Азаматтардың мерзімді шынайы демократиялық сайлау барысында сайлауға және сайлануға құқықтары – бұл халықаралық танымал адам құқықтары және олар бірқатар негізгі құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруды қажет етеді. Сайлауды байқаушылар қабылдаушы елдің егемендігін, сондай-ақ оның халқының адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуге міндетті.

Ел заңдары мен сайлау органдарының өкілеттіктерін құрметтеу

Байқаушылар қабылдаушы елдің заңдары мен сайлау процесіне басшылық жасау үшін жауапкершілік жүктелген органдардың өкілеттіктерін құрметтеуге міндетті. Байқаушылар елдің үкімет органдарынан, қауіпсіздік органдары мен сайлау органдарынан келіп түсетін кез келген заңды өкімдерді сақтауға міндетті. Байқаушылар сондай-ақ сайлау органдарының лауазымды адамдары мен ұлттық билік органдарының басқа да өкілдеріне құрмет көрсетуге міндетті. Байқаушылар үкіметтің және/немесе сайлау органдарының лауазымды адамдарының заңдары, ережелері немесе іс-әрекеттері заң, конституция немесе қолданыстағы халықаралық келісімдер бойынша кепілдік берілген, сайлаумен байланысты құқықтарды жүзеге асыру үшін артық қиыншылықтар немесе кедергілер туғызған жағдайларды атап көрсетуге міндетті.

Сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның ұйымдық бірлігін құрметтеу

Байқаушылар сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның ұйымдық бірлігін құрметтеуге және сақтауға міндетті. Бұл, атап айтқанда, осы Мінез-құлық кодексінің ережелерін, жазбаша түрдегі кез келген нұсқаулықтарды (өкілеттіктер аясы, директивалар мен басшылық қағидаттары сияқты) және байқау жөніндегі миссия басшылығынан келіп түсетін кез келген ауызша нұсқауларды сақтауды білдіреді. Байқаушылар байқау жөніндегі миссия өткізетін қажетті нұсқамалықтарға, оқу курстары мен жұмыс қорытындылары жөніндегі кеңестерге қатысуға; байқау жөніндегі миссияның нұсқауы бойынша сайлау заңдарымен, ережелермен және басқа да тиісті заңнамамен танысуға және байқау жөніндегі миссия қолданатын әдістерді мұқият сақтауға міндетті. Байқаушылар сондай-ақ өздерінде туындауы

мүмкін кез келген мүдделер тартысы туралы және миссия құрамына кіретін басқа байқаушылар тарапынан байқалған немесе оларға жат кез келген қылығы туралы байқау жөніндегі миссияның басшылығына хабарлауға міндетті.

Қатаң саяси бейтараптықты өзгертпей ұстану

Байқаушылар қатаң саяси бейтараптықты, сонымен бірге қабылдаушы елдегі жұмыстан тыс сағаттарда да өзгертпей ұстануға міндетті. Олар ұлттық билік органдарына, саяси партияларға, кандидаттарға, референдумға шығарылған мәселелер немесе сайлау процесінің шеңберіндегі кез келген даулы мәселелерге қатысты қандай да бір алдын ала болжам айтудан немесе бейімділігін білдіруден аулақ болуға міндетті. Байқаушылар сондай-ақ қабылдаушы елдегі саяси күреске қатысушылардың біреуіне артықшылық білдіру немесе оған неғұрлым қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге пейілділік ретінде негізді түрде қабылдануы мүмкін кез келген қызметтен аулақ болуға және атап айтқанда, белгілі бір бейімділік туралы айғақтайтын кез келген нышандарды, түстер мен ұрандарды тағудан немесе ұстап жүруден немесе саяси күреске қатысушылардан бір нәрсені қабылдаудан аулақ болуға тиіс.

Сайлау процесіне кедергі жасамау

Байқаушылар сайлау алдындағы процестерді, дауыс беруді, дауыс беру нәтижелерін санау мен біртұтас жинақтауды және сайлау күнінен кейінгі процестерді қоса алғанда, оның кез келген кезеңінде сайлау процесіне кедергі жасамауға міндетті. Байқаушылар тек заңмен тыйым салынбаған жағдайда ғана, жер-жерде заң бұзушылықтарды, бұрмалаушылық жағдайларын немесе елеулі проблемаларды сайлау органдарының лауазымды адамдарының назарына жеткізуі мүмкін және оны артық кедергілер туғызбай, жасауға тиіс. Байқаушылар сайлау органдарының лауазымды адамдарына, саяси партиялардың өкілдері мен сайлау учаскелеріндегі басқа да байқаушыларға сұрақтар қоя алады және олардың іс-әрекеттері сайлау процесіне кедергі жасамаған жағдайда, өздерінің жеке қызметі туралы сұрақтарға жауап бере алады. Сұрақтарға жауап беру кезінде байқаушылар сайлау процесіне басшылық жасауға ұмтылмауға тиіс. Байқаушылар сайлаушыларға сұрақ қойып, олардың сұрақтарына жауап бере алады, бірақ қай кандидатқа, қай партияға немесе референдумға шығарылған мәселе бойынша қай позицияға дауыс бергенін айтуын сұрай алмайды.

Тиісті куәлікті ұсыну

Байқаушылар өздеріне сайлауды байқау жөніндегі миссия берген жеке куәлікті, сондай-ақ ұлттық билік органдары талап ететін куәлікті көрінетін орында тағып жүруге және оны сайлау органдары мен ұлттық билік органдарының басқа да мүдделі өкілдеріне олардың сұрауы бойынша көрсетуге міндетті.

Қорытынды жасау кезінде байқаудың дәлдігі мен біліктілікті қамтамасыз ету

Байқаушылар өздерінің барлық байқауларының дәлдігін қамтамасыз етуге міндетті. Байқаулар жағымды да, жағымсыз да факторларды ескеруді қамтамасыз ету, елеулі және елеусіз факторлар арасындағы айырмашылықтарды ажырату және сайлау процесінің сапалылығына елеулі әсер етуі мүмкін сипатты белгілерді анықтау кезінде жан-жақты қамтылуға тиіс. Байқаушылардың пікірлері ақпараттың дәлдігіне және субъективті негіздер мен объективті фактілер арасындағы айырмашылықтарды ажырата отырып, талдаудың объективтілігіне қойылатын ең жоғарғы талаптарды сақтауға сүйенуге тиіс. Байқаушылар барлық қорытындыларды нақты және тексеруге болатын материалға негіздеуге және алдын ала тұжырымдар жасамауға міндетті. Байқаушылар сондай-ақ сайлауды байқау жөніндегі миссияның

талаптарына сәйкес өздері байқау жүргізген орындар мен оның нәтижелері туралы ақпараттың, сондай-ақ басқа да маңызды ақпараттың мұқият құжатталған есебін жүргізуге және осы құжаттаманы миссияға беріп отыруға міндетті.

Миссияның мәлімдемесі жарияланғанға дейін жұртшылыққа немесе бұқаралық ақпарат құралдарына ескертулерді айтудан аулақ болу

Байқаушылар сайлауды байқау жөніндегі миссия мәлімдеме жасағанға дейін, егер олар осыған тек өз басшылығынан нақты өкілеттіктер алмаса, өз байқауларымен немесе тұжырымдарымен байланысты кез келген жеке ескертулерін бұқаралық ақпарат құралдарына немесе жұртшылыққа айтудан аулақ болуға міндетті. Байқаушылар байқау жөніндегі миссияның сипаты, оның қызметі туралы мәселе бойынша және байқау жөніндегі миссия орынды деп санайтын басқа да мәселелер бойынша түсіндірмелер беруі мүмкін және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне немесе мүдделі адамдарға олардың осы үшін байқау жөніндегі миссия арнайы тағайындаған адамға жүгінуін ұсынуға тиіс.

Басқа да сайлауды байқаушылармен ынтымақтастық

Байқаушылар сайлауды байқау жөніндегі басқа да халықаралық және ұлттық миссиялар туралы хабардар болуға тиіс және сайлауды байқау жөніндегі миссия басшылығының нұсқауларына сәйкес олармен ынтымақтасуға міндетті.

Тиісті жеке тәртіпті қамтамасыз ету

Байқаушылар тиісті жеке тәртіпті сақтауға және басқаларға құрмет білдіруге, оның ішінде қабылдаушы елдің мәдениеті мен әдет-ғұрпына елгезек көзқарас танытуға, жеке қарым-қатынастарында және тұрақты түрде, оның ішінде жұмыстан тыс уақытта да парасаттылық танытуға, өз тәртібін ең жоғары біліктілік деңгейде сақтауға міндетті.

Осы Мінез-құлық кодексін бұзушылықтар

Осы Мінез-құлық кодексін бұзумен байланысты проблемалар туындаған жағдайда, сайлауды байқау жөніндегі миссия тиісті тергеу жүргізеді. Егер елеулі бұзушылықтың орын алғаны анықталса, онда оны жасаған байқаушы өзінің тіркеуінен айрылуы немесе сайлауды байқау жөніндегі миссия құрамынан шығарылуы мүмкін. Осындай шешімдерді қабылдау сайлауды байқау жөніндегі миссия басшылығының айрықша құзыретіне жатады.

Осы Мінез-құлық кодексін ұстану міндеттемесі

Сайлауды байқау жөніндегі осы миссияға әрбір қатысушы осы Мінез-құлық кодексінің мәтінімен танысуға және оны ұстану міндеттемесін ала отырып, өз қолын қоюға тиіс.

Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексіне ілеспе міндеттеме

Мен сайлауды байқау жөніндегі миссияның менің билігіме берген **Сайлауды халықаралық байқаушылардың мінез-құлық кодексінің мәтінін оқыдым және таныстым.** Осыған сәйкес Мінез-құлық кодексін ұстанатынымды және менің сайлауды байқаушы ретіндегі барлық қызметім оған толық сәйкес түрде жүзеге асырылатынына міндеттенемін. Менде сайлауды бейтарап байқаушы ретінде болу және Мінез-құлық кодексін ұстану қабілетіме әсер ететін саяси да, экономикалық та, басқа да мүдде тартысы жоқ.

Мен өзімнің саяси бейтараптығымды өзгертпей сақтайтын боламын. Мен өз пікірлерімді ақпараттың дәлдігіне және субъективті негіздер мен объективті фактілер арасындағы айырмашылықтарды ажырата отырып, талдаудың объективтілігіне қойылатын ең жоғарғы талаптарды сақтауға сүйене отырып білдіремін және барлық қорытындыларымды нақты және тексеруге болатын материалға негіздеймін.

Мен сайлау процесіне кедергі жасамайтын боламын. Мен ұлттық заңдарды және сайлау органдары лауазымды адамдарының өкілеттіктерін құрметтеймін және сайлау мен өзге де ұлттық билік органдарына құрметпен қарайтын боламын. Мен ел халқының адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтейтін және көтермелейтін боламын. Мен тиісті жеке тәртіпті ұстануға және басқаларға құрмет білдіруге, оның ішінде қабылдаушы елдің мәдениеті мен әдет-ғұрпына елгезек көзқарас танытуға, жеке қарым-қатынастарда және тұрақты түрде, оның ішінде жұмыстан тыс уақытта да парасаттылық танытуға, өз тәртібімді ең жоғары біліктілік деңгейде ұстайтын боламын.

Мен сайлауды байқау жөніндегі халықаралық миссияның ұйымдық бірлігін құрметтейтін боламын және оның нұсқаулықтарын ұстанамын. Мен сайлауды байқау жөніндегі миссия қатысуды талап ететін барлық нұсқамалықтарға, оқу курстары мен кеңестерге қатысатын боламын және тиісті өтініш келіп түскен жағдайда, оның мәлімдемелері мен баяндамаларын дайындауда ынтымақтастық жасайтын боламын. Мен сайлауды байқау жөніндегі миссия мәлімдеме жасағанға дейін, тек осыған оның басшылығынан нақты өкілеттіктер алмасам, жаңалық таратушы бұқаралық ақпарат құралдарында өзімнің жеке ескертулерімді, байқауларымды немесе тұжырымдарымды айтудан аулақ боламын.